

Жанқадамов туралы жаңа дерек

Тарихымыздағы «ақтандақтарды» жоюға байланысты сонау бетбұрыс заманынан бермен қарай Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды алаш көсемдері, Күншығыс және Күнбатыс Алашорданың басқа да арыстары туралы зерттеулер, енді міне, өзі тұтас бір кітапхана құрағандай.



Кезінде Батыс Алашорда үкіметінің мүшесі, Жымпиты земствосының төр ағасы Бижан Әбілқасұлы Жанқадамовтың ақындығына «Жұлдыз» журналында (1993, №1) «Алаш азаматы» атты бір баспатабақ көлемінде эссе жазған едім. Материалы – ҰҚК мұрағаты және Бижекеңнің ол кезде көздері тірі ұлы – Максот, қыздары Айша, Шәрипа, Жаңылдық (осы жолдар авторының зайыбы) естеліктеріне негізделген-ді. Жалғыз мен емес, Бижанғали Жанқадамовтың өмірі және оның Алаш қозғалысына сіңірген зор еңбегі хақын да басқа да авторлар қалам тер беді. Орал қаласында журналист Қайыржан Ха сановтың «Бижан Жанқадамов» атты кітапшасы (2008 ж.) жарық көрді. Кітап шада пайдаланылған әдебиет тердің қатарында Д.Сүлей мено ваның «Алаш орданың батыс бөлімінің тарихы», Р.Мұқанованың «Қа ратөбе съезі – тәу ел сіздікке қадам» деген ең бектері аталған. Осы іспетті зерттеулер Алаштың 100 жылдығына орай жаңа жігермен жалғастырылуда. Бұған дейін беймәлім материалдар, фактілер іздестіріліп табылуда. Соның өзінде де бұл салада ашылмаған «ақтандақ» жетіп артылады. Біреулер алаштанушыларға: «Айналдырған оншақты фамилияны төңіректен шиырлай бересіздер. Жаңа есімдерді неге ашпайсыздар?» деген наз да айтады. Шынтуайтында сол Алаш көсемдерінің өздері жөнінде де әлі күнге шешуін таппаған жұмбақ жетерлік. Мысалы, «Мағжан» атты монографиям екі рет басылып шықты. Сол кітапта Бижан Жанқадамов НКВД жендеттеріне жауабының бірінде Мағжан

Жұмабаевтың «Матай би» поэмасын сүйсініп оқығаны, бірақ Бижекеңнің сол поэманы қай газет, журналдан тауып оқығаны әлі қараңғы екені жазылды. Мұндай олқылықтың орын алу себебі, Мағжан Бекенұлы Жұмабаевқа, басқа да алаш арыстарына қатысты архив материалдарының әлі де толық табылмай жатқандығының салдары... «Алаш азаматы» атты эсседе Бижан ғали Жанқадамовтың Қазан мал дәрігерлік институтын бітіргенін жазғанында менің басшылыққа алғаным, кезінде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған, революцияға дейін жоғары білім алған қазақ зиялыларының тізімі болатын. Ұзын саны 77 адам. Сол тізімде Жаңылдың әкесінің фамилиясы да аталды. Ал, «Батыс Қазақстан облыстық энциклопедиясында» мұның керісінше Бижан Жанқадамов қаражат жоқтығына байланысты институттағы оқуын бітіре алмаған деп көрсетілген. Қайсысы дұрыс? Бұл сауалға түпкілікті жауапты тек архив қоймаларынан іздеуге керек. Жуықта маған Бижекеңнің немересі – заңгер, зейнетке шығарынан бұрын аудандық прокурор, адвокат болып істеген Ғалымжан Мақсотұлы Жанқадамов пошта арқылы атасы жайлы Қазан қаласының архивінен табылған бірқыдыру материал жіберді. Бұрын қолымызда Бижекеңнің курстас жолдастарымен түскен, форма киген фотосуреті болса, енді жеке өзінің, Қазан Малдәрігерлік институтының студенті деген билеттің сол жақ бетіне орналастырылған фотосуреті табылыпты (Алаш азаматының жас кезіндегі көруге көз керек осы бейнесі қазір қызы Жаңылдың КазГу-де оқып жүрген студент кезінде түскен фотосының қасында тұр). Ғалымжанның жіберген архив материалдары жоғарыда айтылғанға айқын айғақ. Татарстан Рес публикасы бас архивінің қорында Бижанғали Әбілқасұлы Жанқадамовқа қатысты атап айтқанда мынадай құнды құжаттар сақталыпты: – Б.Ә. Жанқадамовтың Қазан Мал дәрігерлік институтына түсуге рұқсат сұраған өтініші; – Орал әскери реалды училищені бітіргені туралы 1911 жылғы 8 маусым дағы №346 аттестат көшірмесі; – Орал реалды училищенің 7-інші қосымша сыныбын бітірген 1912 жылғы №346 куәлігінің көшірмесі; – Саратов гимназиясының латын тілін 7-інші қосымша сынып курсы көлемінде бітіргені туралы 1912 жылғы 6-маусым дағы №1066 куәлік көшірмесі; – Туу туралы куәлік көшірмесі; – Төлқұжаты; – Қазан ветеринар институтының Қазан шаһарында ерікті тұру үшін №206 куәлігі; – Қазан ветеринар институтының студенті Жанқадамов Бижанғалиға соғыс аяқталған соң институтқа қайта түсуге құқық берілетіні туралы Халық ағарту министрлігінің Қазан ветеринар институтының ректорына арнаған 1916 жылғы 25 тамыз дағы №9092 мәмілесі; – Студенттік билеті фотографиясымен; – Қазан ветеринар студентінің емтихандық парақшасы. Бірқатар зерттеулерде Қазан Малдәрігерлік оқу орны университет делініп жүр. Расында оны институт деуге керек екен. Сонсоң Бижан Жанқадамов институтты қаржы жетпегендігінен бітіре алмады делінген тұжырым да шындыққа сәйкес болмай шықты. Іс жүзінде Бижекең институттан уақытша қол үзген. Қазақ оқығандары тобында Батыс майданға аттанып, сондағы жігіттерді елге жеткізу ісімен шұғылданған, соғыс аяқталған соң институтқа қайта түсуге ресми рұқсат алған. Ал енді Бижанғали Әбілқасұлы Жанқадамовтың майданнан қайтқан соң институтта оқуын жалғастырып ақыр соңында бітіргені туралы дипломын іздестіру – алдағы күндер еншісінде. Ғалымжан жіберген архив материалдарынан және бірақ ғаратынымыз, Бижанғали Жанқадамовтың, басқа да алаш арыстары сияқты орыс мәдениетіне, тіліне жетіктігі. Осы мақалада оқушы нағыз Бижекеңнің студенттік билетке түскен суре тімен қабат, Қазан Малдәрігерлік институтының директорына өз қолымен жазған өтінішінің ілкі бетінің суретін ұсынып отырмыз. Жаңадан табылған архив материалдары балаларымның көрмеген нағашы атасының туған елінің, қазақтың қамы үшін жан алып жан беріп жұмыс жасаған ұлттық қайраткер, адамгершілігі мол, зор парасат иесі ретінде көңілімде қалыптасқан бейнесін бұрынғыдан да биіктете түсті. Алаш арыстары

отар шыл дық бас қыншылық салдарынан жойылған мем ле кеттілігімізді жаңғыртуға бар ақыл-ой, күш-жігерін жұмсаған күрескерлер – ұлттық мақтанышымыз. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің өмірі мен ісін тереңдей және жанжақты тану – ұлттық ұрпақ үшін баға жетпес рухани ризық.

Шерияздан ЕЛЕУКЕНОВ